

Төмін: Дүсербай
 «Дүрден» Обексжай - балаб
 ысы: Н.К.Дүссебаева
 «06» «2024 ж

пед.кеңес хаттама № 4
« 27 » 03 « 2024ж»

2022- 2023 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған перспективалық жоспары

Айы	Ұйымдастырылған іс - әрекеттер	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	«Менің балабақшам»	Балалардың музыкаға деген қызығушылықтарын дамытуды тудыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.
	«Балдырған әні»	Балаларды Отанын, жерін сүйуге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.
	«Тату доспыз бәріміз»	Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. Музыка жанрлары: ән, би, маршпен таныстыру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.
	«Кел билейік»	Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.
	«Біздің ойыншықтар»	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.
Айы	Ұйымдастырылған іс - әрекеттер	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері

Қазан айы	«Менің жанұям»	Отбасына, мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән арқылы жеткізу. Отбасы мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру. Мен бейнесін құруға өзін қоғамның бір мүшесін ретінде сезінуге әртүрлі ойын ұйымдастыруға өз іс әрекетін оң бағалауға үйрету.
	«Күзгі еңбек»	Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.
	«Күзгі орман»	Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарлығын ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру. Орман жануарлары іздері.
	«Жау -жау жаңбыр»	Ән, музыка арқылы күз көріністерін сезіне білуге, күз құбылыстарын ажырата білуге үйрету. Табиғат құбылыстарын ажырата білуге үйрету.
айы	Ұйымдастырылған іс - әрекеттер	Ұйымдастырылған іс -әрекеттің міндеттері
Қараша айы	«Күз байлығы»	Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету.
	«Қуыршаққа көмек»	Балаларды музыка арқылы қимыл-қозғалысқа үйрету. Тазалық, мейірімділік туралы түсінік беру. Дербестік қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.
	«Дәрумендер досымыз»	Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Дәрумендер туралы музыка тыңдау. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.

	«Спорт – біздің досымыз»	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.
айы	Ұйымдастырылған іс - әрекеттер	Ұйымдастырылған іс -әрекеттің міндеттері
Желтоқсан айы	«Менің Отаным»	Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіну арқылы Отанды сүйуге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер, ауыл туралы әңгімелеу.
	«Гүлдене бер, Астана»	Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салуды біледі. Астана туралы түсіне отырып, әнді аспаптың сүйемелдеуімен айта алады.
	«Қыс қызығы»	Балалардың денесін үйлесімді дамыту. Қыс мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. Аппак қар, ұлпа қар әндерін терезеге өрнектеді жеңіл айтқызып үйрету.
	«Шырша жыры»	Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру. Музыка ырғағымен жүреді. Қысқа фразалар арасында тыныс алуды білу. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды.
	«Ақ әжем»	Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді ән мазмұнындағы көңіл-күйді сезінуге талаптандыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін ырғақты мәнерлілігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс - әрекеттер	Ұйымдастырылған іс -әрекеттің міндеттері
Қаңтар айы	«Біздің оркестр»	Шығарманы зейін қойып тыңдауға, аспа дыбыстарын ажырата білуге, ырғақпен ойнай білуге дағдыландыру. Оркестр туралы мағлұмат беріп, аспаптарда ойнау тәсілін үйрету, шығармашылыққа баулу. Ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнайды.
	«Аңдар айтысы»	Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету. Домбырада аспапбында орындалатын күйлерді тыңдату. Ән айту.
	«Құстар дауысы»	Құстар тіршілігі туралы мағлұмат беру, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету. Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.
	«Айнала ақша қар»	Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.Балаларға арналған ұрмалы музыкалық аспаптарда (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және топпен күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан айы	«Қыс өрнегі»	Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру.
	«Бауырсақ ертегісі»	Балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйрету. «Дұрыс», «дұрыс емес», «жақсы», «жаман» түсініктерін қалыптастыру.
	«Орманға саяхат»	Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: Нәзік, сабырлы, көңілді де ойнақы, көңілсіз. Әнді сезіне айтуға үйрету. Орман жануарлары туралы және оларға қамқорлық жасау туралы түсіндіру.
	«Пойыз әні»	Әннің не туралы айтылатына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекеттің қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің нақышына келтіріп айту. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз айы	«Көктем әндері»	Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.
	«ана өмір шырағы»	Музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу. Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Өртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру.
	«Біздің ауыл тойы»	Дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ажырата білуге үйрету.
	«Наурыз -жыл басы»	Ұлттық мереке екені туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір айы	«Құстардың дауысы»	Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Өнді мәнерлеп айтқызу. Құстардың дауыстарын тыңдату және құстар туралы ән жаттату.
	«Көңілді аспаптар»	Балалар Отанды қорғау туралы түсіне отырып, музыканың түрлі сипаттарын ажыратып айта алады. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.
	«Ғарыш әлеміне саяхат»	Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру.
	«Көктем келді, құс келді»	Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажыратуға баулу. Ойдан би шығару іскерліктерін дамыту. Жұмбақтар шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Құстарды қорғап, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.
Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	«Біз өмірдің гүліміз» Ә.Дүйсенбиев	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.

Мамыр айы	«Ел қорғауға әзірміз»	Балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажырата білуге дағдыландыру. Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.
	«Қошақаным»	Балалардың төрт түлік туралы білімдерін бекіте отырып тілдерін дамыту. Үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқор бола білуге баулу. Өз ұлтына, қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейту, өз ата дәстүрін сүйіп өсуге тәрбиелеу.
	«Жайлаудағы төлдер»	Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту.

Осы құжат 8 нөмірленіп, тігiлдi

МЖКК «Балдәурен» бөбекжай-
балабақшасының ментерушісі

Дүйсебаева Н.К.

